

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

Амангелді Мансұр Рустамұлы

«Алматы қаласында қуаты жылына 20 млн. дана клинкер кірпіш
шығаратын зауыт»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

Алматы 2023 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

Д.А. Ахметов
« 02 » 06 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы қаласында қуаты жылына 20 млн. дана клинкер
кірпіш шығаратын зауыт»

6B07302 – «Құрылыс инженерия»
білім алу бағдарламасы

Орындаған

Амангелді Амангелді М.Р.

Рецензент

т.ғ.д., қауымдастырылған профессор
Естемесова А.С.

« 2 » 06 2023 ж.

Ғылыми жетекші

т.ғ.д., қауымдастырылған профессор
Жугинисов М.Т.

« 02 » 06 2023 ж.



Алматы 2023 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты


«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженерия»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., қауымдастырылған
профессор

 Д.А. Ахметов
« 02 » « 06 » 2023 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Амангелді Мансұр Рустамұлы

Тақырыбы: «Алматы қаласында қуаты жылына 20 млн. дана клинкер кірпіш шығаратын зауыт»

Университет ректорының «23» қараша 2022 ж. №408-п - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «5» маусым 2023 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Алматы қаласы, дипломдық жобаға тапсырма, шикізат көздері.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Технологиялық бөлім: құрылысқа арналған алаңды негіздеу, зауыт жұмыс тәртібі, өндіріс өнімінің номенклатурасы, шикізат және негізгі материалдарға сипаттама, шикізаттың химиялық құрамын есептеу, бұйымды өндіру тәсілін таңдау, негіздеу, технологияны баяндау, материалдық балансты есептеу, жабдықтарды таңдау және есептеу, қосалқы нысандарды таңдау және есептеу, технологиялық процесті және дайын өнімнің сапасын бақылау;
- б) Жылу техникалық бөлім;
- в) Сәулет – құрылыстық бөлім;
- г) Экономикалық бөлімі;
- д) Технологиялық процестерді автоматтандыру;
- е) Еңбекті қорғау.

Графикалық материалдар тізімі:

- 1 Бас жоспар, спецификация, жел раушаны – 1 парақ;

- 2 Технологиялық карта – 2 парак;
3 Технологиялық сұлба, жабдық экспликациясы – 3 парак;
4 Клинкер кірпіш зауытының жобасы, көлденең кимасасы, кондырғылар экспликациясы – 4 парак;
5 Тунельді пешті автоматтандыру, спецификация, – 5 парак;




Ұсынылатын негізгі әдебиет:

- 1 Габидуллин М.Г., Миндубаев А.А., Габидуллина А.Н. Двухкомпонентная шихта для производства клинкерного кирпича. / М.Г. Габидуллин [Текст]. //Известия КГЛСУ – 2013. – №4 – стр. 214 – 217.
2 ГОСТ 530-2012 «Кирпичи и камень керамические». Общие технические условия. – М.:Стандартинформ, 2012.
3 ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» – Астана «ҚазҒЗСТҚСИ» АҚ, 2017.
4 ҚР ЕЖ 2.04-107-2022 «Ғимараттардың жылу қорғанысы» – Астана «ҚазҒЗСТҚСИ» АҚ, 2022.
5 Жүгінісов М.Т. ҚҰРЫЛЫС КЕРАМИКА – II пәні бойынша курстық жұмысқа әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ, 2021. – 24 б.
6 Тяпкин В.А. Проектирование предприятий по производству керамических строительных материалов: учеб. пособие / В.А. Тяпкин; под общ. ред. В.И. Калашникова. – Пенза: ПГУАС, 2013. – 144 с.
7 Коломиец П.В. Расчёт горения топлива: Методические указания к практическим занятиям по дисциплине «Химмотология» / П.В. Коломиец. – Тольятти : ТГУ, 2011. – 38 с.


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Разделы	20%	40%	60%	80%	100%
Технологиялық бөлім	23.01.2023-19.02.2023				
Жылутехникалық бөлім		20.02.2023-19.03.2023			
Сәулет-құрылыстық бөлім			19.03.2023-09.04.2023		
Экономикалық бөлім				09.04.2023-30.04.2023	
Автоматтандыру және еңбек қорғау бөлімдері					01.05.2023-14.05.2023
Сапаны бақылау	15.05.2023г.-17.05.2023г.				
Алдын ала қорғау	12.05.2022г				
Антиплагиат, нормо контроль	19.05.2023г.-31.05.2023г.				
Қорғау	05.06.2023г.-08.06.2023г.				

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Жугинисов М.Т., т.ғ.д., профессор	24.01.2023	
Жылутехникалық бөлім	Жугинисов М.Т., т.ғ.д., профессор	20.02.2023	
Сәулет-құрылыстық бөлім	Жугинисов М.Т., т.ғ.д., профессор	09.04.2023	
Экономикалық бөлім	Жугинисов М.Т., т.ғ.д., профессор	09.04.2023	
Автоматтандыру. Еңбекті қорғау бөлімі	Жугинисов М.Т., т.ғ.д., профессор	01.06.2023	
Сапаны бақылау	Хамза Е.Е., т.ғ.д., зертхана меңгерушісі	02.06.2023	
Нормобақылау	Бек А.А., т.ғ.м., ассистент	02.06.2023	

Ғылыми жетекшісі  Жумгинисов М.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Амангелді М.Р

Күні «22» 06 2023 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жоба клинкердің қасбеттік кірпішін өндіруді қарастырады. Дипломдық жобаның негізгі мақсаты бентонит сазы мен саздақ негізінде жоғары сапалы өнімдер шығару. Мұндай кірпіштің номенклатурасы, шикізаттың сипаттамасы, технологиялық схема және оның қысқаша сипаттамасы, өндірістің материалдық балансы, шихтаның құрамын анықтау, жабдықтар мен зауыттың бас жоспары, зауыт қимасы ұсынылған.

Клинкер өндірісіндегі жоғары термиялық өңдеу кірпішке беріктігі бойынша жоғары өнімділік береді және тығыз құрылымына байланысты суды сіңіру деңгейі өте төмен. Шикізаттың қол жетімділігі, технологияны автоматтандыру және кірпіштің экологиялық тазалығы бұйым өндірісінің тиімділігін көрсетеді.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассматривается производство клинкерного фасадного кирпича. Основной целью дипломного проекта является производство высококачественных изделий на основе бентонитовой глины и суглинка. Представлены номенклатура такого кирпича, характеристика сырья, технологическая схема и ее краткая характеристика, материальный баланс производства, определение состава шихты, оборудования, генеральный план и разрезы завода.

Высокая термическая обработка при производстве клинкера дает кирпичу высокие характеристики по прочности и отличается очень низким уровнем поглощения воды благодаря плотной структуре. Доступность сырья, автоматизация технологии и экологичность изделия показывает эффективность производства.

ABSTRACT

In this diploma project, the production of clinker facade bricks is considered. The main goal of the diploma project is the production of high-quality products based on bentonite clay and loam. The nomenclature of such bricks, characteristics of raw materials, technological scheme and its brief description, material balance of production, determination of the composition of the charge, equipment and factory plans, sketches are presented.

High heat treatment in the production of clinker gives the brick high strength characteristics and is characterized by a very low level of water absorption due to its dense structure. The availability of raw materials, automation of technology and environmentally friendly brick production show the efficiency of product production.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Технологиялық бөлім	9
1.1 Құрылысқа арналған алаңды негіздеу	9
1.2 Зауыттың жұмыс тәртібі	9
1.3 Өндіріс өнімінің номенклатурасы	11
1.4 Шикізат және негізгі материалдарға сипаттама	11
1.5 Шихтаның химиялық құрамын есептеу	13
1.6 Бұйымды өндіру тәсілін таңдау, негіздеу, технологияны баяндау	16
1.7 Материалдық балансты есептеу	23
1.8 Жабдықтарды таңдау және есептеу	28
1.9 Қосалқы нысандарды таңдау және есептеу	31
1.10 Технологиялық процесті және дайын өнімнің сапасын бақылау	34
2 Жылутехникалық бөлім	38
3 Сәулеттік – құрылыстық бөлім	69
4 Экономикалық бөлім	71
5 Технологиялық процестерді автоматтандыру	82
6 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	86
Қорытынды	87
Пайданылған әдебиеттер тізімі	88

КІРІСПЕ

Клинкер кірпіш жоғары сапалы саздан жасалатын беріктігі мен аязға төзімділігі кәдімгі кірпіштен әлде қайда артық материал. Бұндай кірпіштің шикізат көздерінің сирек кездесетіндігі, өндіру барысында ресурстық және энергия шығынын қоса отырып соған сәйкес бағасы да күрт жоғары болып келеді. Сол себепті үнемді өндіру технологиясын қолдана отырып, төмен сапалы саз немесе сазды жыныстардың негізінде клинкер кірпіш өндіру бағыттары қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының 2020 – 2025 жылға арналған мемлекеттік бағдарламаларының бірі тұрғын үй-коммуналдық дамыту «Нұрлы жер». Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту. Осыған орай құрылыс материалдарына сұраныс көбеюде. Қазіргі таңда көп қабатты монолитті тұрғын үй құрылысы қолданысқа ие болғанымен, еліміздің басым бөлігін кірпіш үйлер алуда. ҚазҚСҒЗИ келтірген деректер бойында құрылыс нысандарының 26 пайызын монолит құрылысы, 56 пайызын кірпіш құрайды.

Соңғы жылдары аз қабатты үй құрылысының өсу тенденциясы клинкер кірпішіне, әсіресе көпірлік және қасбеттік түріне қызығушылық артуда. Қасбеттік клинкер кірпіші бар ғимараттар қала көшелерін безендіреді және кварталдарды дамытудың жалпы көрінісін жақсартуға ықпал етеді. Бұл жағдайда қаптама түсін де, реңктің қанықтылығын да жоғалтпайды, күйіп кетпейді және дақтар қалыптастырмайды. Клинкер кірпішке сұраныстың көбеюінің екінші себебі, тұрғын үйлердің бетін қаптау үшін сыртқы бетінің қалыңдығы 12 – 40 мм болатын керамикалық қасбеттік панелдерімен қапталған көп қабатты қабырғаларға қатысты сынның артуна байланысты. Сыртқы қабырғасының мұндай кішкентай қалыңдығы көбінесе кірпішті ылғалдың енуінен қорғамайды, сондықтан қыста теріс температурада су кірпіштің шұңқырлары мен бос жерлерінде қатып қалады, ал мұз көлемінің кеңеюімен бос жерлерін ашып, кірпіш біртіндеп қопсытылды [1].


Қазіргі таңда сапалы клинкер тек Германия және Голландия елдерінде қызыл саздан күйдіру 1100 градус Цельсиядан жоғары температурада өндіріледі. Германияның Feldhaus Klinker және Ресейлік «ЛСР Стеновые» аналогтарын салыстыратын болсақ, сығылуға беріктігі, орташа тығыздығы және су сіңіру жағынан орын беруде. Ресейлік клинкер кірпіші «ГОСТ 530-2012 Кирпич и камень керамический» стандартына сәйкес ең төменгі көрсеткішінде шығарылады. Сығуға беріктігі 30 МПа, су сіңіргіштігі 6 пайыздан жоғары емес, орташа тығыздығы 2010 – 2400 кг/м³. Ал Германия кірпіші еуропалық «EN771 Specification for masonry units» сәйкес сығуға беріктігі 100,4 Н/мм² немесе 98 МПа, су сіңіргіштігі 3,2, орташа тығыздығы 1511 кг/м³ болып шығарылды [2].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Құрылысқа арналған алаңды негіздеу

Жобаланатын зауыттың құрылыс орны Алматы қаласының өндірістік аймағында орналасады. Құрылыстың осы аймақта салудың орындылығы негізгі көлік артерияларының бойында орналасуы. Сондай-ақ, керекті шикізат компоненттерімен қамтамасыз етілген. Қабылданған шешімнің тиімділігінің басты себебі клинкер кірпіш шығарушы зауыт көлемі аздығын атап өткен жөн.

Алматының климаты континенталды, айқын таулы-алқаптық айналымның және биіктік белдеулерінің әсерімен сипатталады. ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» бойынша климаттық районы ІІВ, сейсмикалық қауіп 9 балл. Орташа көпжылдық ауа температурасы плюс 10 градус Цельсия, ең суық айдың (қаңтардың) орташа температурасы минус 4,7 градус Цельсия, Ең жылы ай (шілде) плюс 23,8 градус Цельсия. Аяз орташа есеппен 14 қазанда басталады, 1 сәуірде аяқталады. Жылына орта есеппен 600-650 мм жауын-шашын түседі. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы – 20 пайыздан 65 пайызға дейін.



1.1.1 Сурет – Алматы қаласының жел раушаны

1.2 Зауыттың жұмыс тәртібі

Зауыттың жұмыс режиміне жылдағы жұмыс күндерінің саны, тәулігіне жұмыс ауысымдарының саны және ауысымдағы жұмыс сағаттарының саны кіреді. Кәсіпорынның жұмыс режимін есептеудің мақсаты технологиялық жабдықты, шикізат шығынын, жұмысшылардың тізімдік құрамын есептеудің негізі ретінде одан әрі пайдалану болып табылады [5].

Жылына 365 тәулік, 30 тәулік күрделі жұмыстарды орындау үшін: 365–30=335 күн; 1 тәулікте – 24 сағат, 3 ауысым жұмыс істейді.

Кәсіпорынның жұмыс уақытының номиналды жылдық қоры мына формула бойынша анықталады [5]:

$$T_{\text{ж}} = N \cdot n \cdot t \quad (1.2.1)$$

мұндағы N – жылдағы жұмыс күндерінің саны;

n – тәуліктегі жұмыс ауысымдар саны;

t – жұмыс ауысымының сағат ұзақтығы.

$$T_{\text{ж}} = 335 \cdot 3 \cdot 8 = 8040 \text{ сағ/жыл}$$

Технологиялық жабдықтың жұмыс істейтін уақыт қоры келесі формуламен есептеледі:

$$\Phi_{\text{рас}} = T \cdot C \cdot K_{\text{ж.п}} \quad (1.2.2)$$

мұндағы T – жылдағы жұмыс ауысымдар саны;

C – тәуліктегі жұмыс сағат саны;

$K_{\text{ж.п}}$ – жабдықты пайдалану орташа жылдық коэффициенті (0,8-0,95).

$$\Phi_{\text{рас}} = 335 \cdot 3 \cdot 0,85 = 6834 \text{ сағ/жыл}$$

1.2.1 Кесте – Зауыттың жұмыс тәртібі

Бөлістер аталуы	Жылдағы жұмыс күндер саны	Тәуліктегі ауысым саны	Жұмыс ауысым ұзақтылығы, сағ.	Жылдық жұмыс уақыт қоры	
				тәулік	сағат
Шикізатты қабылдау	335	3	8	335	8040
Шикізатты дайындау	335	3	8	335	8040
Қалыптау	335	3	8	335	8040
Кептіру	335	3	8	335	8040
Күйдіру	335	3	8	335	8040
Сапаны бақылау	335	3	8	335	8040
Дайын өнім қоймасы	335	3	8	335	8040

1.2.2 Кесте – Зауыттың өндірістік бағдарламасы


Бұйым аты	Өнімділігі, дана			
	Жылына	Тәулігіне	Ауысымына	Жылына
Клинкер кірпіш 250x120x65 мм	10 млн	29851	9950	1244
Клинкер кірпіш 250x120x88 мм	10 млн	29851	9950	1244

1.3 Өндіріс бұйымының номенклатурасы

Бұл дипломдық жобадан шығарылатын өнім номенклатурасы ГОСТ 530-2012 «Кирпичи и камень керамические» сәйкес 1.3.1 кестесінде көрсетілген.

Жоғары сапалы клинкер кірпіш көрсеткіштері беріктігі бойынша маркалануы М500 – М1000, су сіңіруі 3 – 6 пайыз аралығында, аязға төзімділігі F50 – F300, жылу өткізу коэффициенті 0,4 – 0,9, рұқсат қуыс денелігі 48 пайызға дейін. Қышқылға төзімділігі 95 пайыз.

1.3.1 Кесте – Бұйымдардың техникалық сипаттамасы

Бұйымның атауы, эскиз	Өлшемдері							
	Маркасы	Су сіңіргі штігі, пайыз	Орташа тығызд ығы бойынш а классы	Массасы, кг ³	Тығыз дығы, кг/м ³	Иілу кезіндегі беріктік шегі, кг/см ²	Сығылу кезіндегі беріктік шегі, МПа	Қуысты лығы, пайыз
КР – кл – пу/1НФ/ 250x120x65 мм 	М600	≤6	2,4	2,35	2010	25 – 30	60 - 100	40
КР – кл – пу/1,4НФ/ 250x120x88 мм 	М600	≤6	2,4	2,76	2010	25 – 30	60 - 100	48

Қуыс бұйымдардың бетіндегі қуыстылығының өлшемі 10 мм – ден аспауы және бұйымдардың ақаулары болмауы керек [4].

1.4 Шикізат және негізгі материалдарға сипаттама

Бұл дипломдық жобадан аз иілімді саздақ пен жоғары иілімді бентонит сазын қолданамыз.

Бірінші шикізат ретінде саздақ (суглинок) қолданылды. Саздақ негізгі шикізат ретінде жалпы массаның 85 пайызын алады. Саздақты қолданудың негізгі себебі шикізат көзі ретінде кең таралған және дұрыс пайыздық арақатынаста иілімділігі жоғары сазбен сапасы жоғары бұйым алуға болады.

Саздақты Алматы облысы, Қаскелең ауданында жұмыс істеп тұрған кірпіш зауытынан оңтүстікке қарай 4 – 5 км жерде орналасқан Алматинское кен

орнынан аламыз. Саздақтың иілімділік саны 8,9 тең және отқа төзімділігі бойынша жеңіл балқитын саз шикізатына жатады. Саздақ ылғалдылығы – 10 пайыз. Саздақтың химиялық құрамы төмендегі 1.4.1 кестесінде көрсетілген.

1.4.1 Кесте – Алматинское кен орнындағы саздақтың химиялық элементтердің құрамы

Оксидтердің құрамдас бөлігі, пайыз									
SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	TiO ₂	MgO	CaO	K ₂ O	Na ₂ O	SO ₃	к.к.ж
52,49	12,2	4,81	0,61	2,18	10,51	2,32	1,88	0,74	10,02

Рентгендік фазалық талдауға сәйкес, саз минералдары монтмориллонитпен (d/n, Å- 6,44; 4,49; 3,19; 2,56; 1,673; 1,507). Қоспалар ретінде құрамында кварц (d / n, Å-4,25; 3,34; 2,46; 2,28; 2,12; 1,981; 1,819; 1,673; 1,542; 1,375), дала шпаттары, ортоклазбен ұсынылған (d/n, Å-4,04; 3,77; 3,19; 3,043; 2,89), сонымен қатар кальцит бар (d/n, Å-3,03; 2,28; 2,095; 1,911; 1,605).

Екінші шикізат көзі бентонит сазы. Ол шихтаның иілімділігін жоғарлату үшін қолданылады. Бентонит сазы сарыкамыское кен орыны Алматы облысының Көксу ауданында, Талдықорған қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 64 км жерде орналасқан.

1.4.2 Кесте – Сарыкамыское кен орнындағы бентонит сазының химиялық элементтердің құрамы

Оксидтердің құрамдас бөлігі, пайыз									
SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	TiO ₂	MgO	CaO	K ₂ O	Na ₂ O	SO ₃	к.к.ж
63,23	11,81	4,51	0,21	1,8	4,37	0,85	0,96	-	6,75

1.4.3 Кесте – Сарыкамыское кен орнындағы саздың фракциялық құрамы

Кен орны	Бентонит сазы	Фракциялық құрамы, пайыз							
		>2	2–1	1–0,5	0,5–0,06	0,06–0,01	0,01–0,005	0,005–0,001	<0,001
Сарыкамыское	Жоғары иілімді	13,2	0,1–17,6	0,1–13,3	0,7–36,3	4,8–40,7	2,4–16,5	5,0–35,2	11,0–60,5

Саздар орташа дисперсті. Иілімділік саны 15,9-52,8 (34,35), ісіну коэффициенті 2,9 – 5,9, ісіну аралығы 30-180 градус Цельсия. Зертханалық жағдайда 450 маркалы керамзит алынды. С2 бойынша авторлық қорлар - 1,6 млн.м³, болжамды қорлар - 3,9 млн. м³.

1.5 Шихтаның химиялық құрамын есептеу

Керамикалық масса 2, 3 және одан да көп шикі зат компоненттердең тұрады. Керамикалық массаның химиялық құрамын анықтау үшін шикі зат материалдардың химиялық құрамын және шихтаның пайыздық құрамын білу керек. Шикі заттардың химиялық құрамын 100 пайызға келтіріп 1.5 кестеде көрсетеміз [5].

Масса бойынша шихтаның пайыздық құрамы: саздақ – 85, иілімді саз – 15;

Шикізат ылғалдылығы (пайыз): саздақ – 10, иілімді саз – 15;

Шикізат тығыздықтары: саздақ – 1,6 т/м³, иілімді саз – 1,8 т/м³.

Көлемдік пайызды массалық пайызбен қайта есептейміз. Ол үшін 1 м³ шихтадағы шикізаттардың салмағын анықтаймыз.

$$1,6 \cdot 0,85 + 1,8 \cdot 0,15 = 1,36 + 0,27 = 1,63 \text{ т/м}^3$$

1 м³ шихта салмағы 1,63 т/м³ тең.

100 пайызға келтіріп, құрамының пайыздық мөлшерін есептейміз (пайыз):

$$\text{Саздақ: } \frac{1,36 \cdot 100}{1,63} = 83,44$$

$$\text{Иілімді саз: } \frac{0,27 \cdot 100}{1,63} = 16,56$$

Шихтадағы шикі заттың құрғақ күйдегі мөлшерін есептеу (пайыз):

$$100 - 10$$

$$83,44 - x \quad x = 8,34 \quad 83,44 - 8,34 = 75,1$$

$$100 - 15$$

$$16,56 - x \quad x = 2,48 \quad 16,56 - 2,48 = 14,08$$

$$75,1 + 14,08 = 89,18$$

100 пайыз шихтада абсолютті құрғақ масса 89,18 пайыз

$$89,18 - 75,1$$

$$100 - x \quad x = 84,21$$

$$89,18 - 14,08$$

$$100 - x \quad x = 15,79$$

Шихтадағы шикі зат үлесін есептейміз:

$$\frac{84,21}{100} = 0,8421$$

$$\frac{15,79}{100} = 0,1579$$

1.5.1 Кесте – Саздақтың химиялық құрамын тұрақтандыру

Материал аталуы	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	TiO ₂	MgO	CaO	K ₂ O	Na ₂ O	SO ₃	к.к.ж	Σ, пайыз
Саздақ	52,49	12,2	4,81	0,61	2,18	10,51	2,32	1,88	0,74	10,02	97,76
Саздақ	53,73	12,49	4,92	0,62	2,23	10,76	2,38	1,92	0,76	10,26	100

Шикізат химиялық құрамын 100 пайызға келтіреміз.

Саздақ (пайыз):

$$\begin{array}{llll}
 52,49 - 97,7 & & 12,2 - 97,7 & & 4,81 - 97,7 \\
 x - 100 & x = 53,73 & x - 100 & x = 12,49 & x - 100 & x = 4,92 \\
 \\
 0,61 - 97,7 & & 2,18 - 97,7 & & 10,51 - 97,7 \\
 x - 100 & x = 0,62 & x - 100 & x = 2,23 & x - 100 & x = 10,76 \\
 \\
 2,32 - 97,7 & & 1,88 - 97,7 & & 0,74 - 97,7 \\
 x - 100 & x = 2,38 & x - 100 & x = 1,92 & x - 100 & x = 0,76 \\
 \\
 & & 10,02 - 97,7 & & \\
 & & x - 100 & x = 10,26 &
 \end{array}$$

$$53,73 + 12,49 + 4,92 + 0,62 + 2,23 + 10,76 + 2,38 + 1,92 + 0,76 + 10,26 = 100$$

$$\begin{array}{l}
 \text{SiO}_2 - 53,73 \cdot 0,8421 = 45,25 \\
 \text{Al}_2\text{O}_3 - 12,49 \cdot 0,8421 = 10,52 \\
 \text{Fe}_2\text{O}_3 - 4,92 \cdot 0,8421 = 4,14 \\
 \text{TiO}_2 - 0,62 \cdot 0,8421 = 0,522 \\
 \text{MgO} - 2,23 \cdot 0,8421 = 1,88 \\
 \text{CaO} - 10,76 \cdot 0,8421 = 9,06 \\
 \text{K}_2\text{O} - 2,38 \cdot 0,8421 = 2 \\
 \text{Na}_2\text{O} - 1,92 \cdot 0,8421 = 1,62 \\
 \text{SO}_3 - 0,76 \cdot 0,8421 = 0,64 \\
 \text{к.к.ж} - 10,26 \cdot 0,8421 = 8,64
 \end{array}$$

1.5.2 Кесте – Саздың химиялық құрамын тұрақтандыру

Материал аталуы	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	TiO ₂	MgO	CaO	K ₂ O	Na ₂ O	SO ₃	к.к.ж	Σ, пайыз
Саз	63,23	11,81	4,51	0,21	1,8	4,37	0,85	0,96	-	6,75	84,61
Саз	74,73	13,96	5,33	0,25	2,13	5,16	1	1,14	-	7,98	100

Иілімді саз (пайыз):

$$\begin{aligned}
 &63,23 - 84,61 && 11,81 - 84,61 && 4,51 - 84,61 \\
 &x - 100 && x = 74,73 && x - 100 && x = 13,96 && x - 100 && x = 5,33 \\
 \\
 &0,21 - 84,61 && 1,8 - 84,61 && 4,37 - 84,61 \\
 &x - 100 && x = 0,25 && x - 100 && x = 2,13 && x - 100 && x = 5,16 \\
 \\
 &0,85 - 84,61 && 0,96 - 84,61 && 6,75 - 84,61 \\
 &x - 100 && x = 1 && x - 100 && x = 1,14 && x - 100 && x = 7,98
 \end{aligned}$$

$$74,73 + 13,96 + 5,33 + 0,25 + 2,13 + 5,16 + 1 + 1,14 + 7,98 = 100$$

$$\begin{aligned}
 &\text{SiO}_2 - 74,73 \cdot 0,1579 = 11,8 \\
 &\text{Al}_2\text{O}_3 - 13,96 \cdot 0,1579 = 2,2 \\
 &\text{Fe}_2\text{O}_3 - 5,33 \cdot 0,1579 = 0,84 \\
 &\text{TiO}_2 - 0,25 \cdot 0,1579 = 0,04 \\
 &\text{MgO} - 2,13 \cdot 0,1579 = 0,34 \\
 &\text{CaO} - 5,16 \cdot 0,1579 = 0,81 \\
 &\text{K}_2\text{O} - 1 \cdot 0,1579 = 0,1579 \\
 &\text{Na}_2\text{O} - 1,14 \cdot 0,1579 = 0,18 \\
 &\text{к.к.ж} - 7,98 \cdot 0,1579 = 1,26
 \end{aligned}$$

1.5.3 Кесте – Шихтаның химиялық құрамы

Материал аталуы	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	TiO ₂	MgO	CaO	K ₂ O	Na ₂ O	SO ₃	к.к.ж	Σ, пайыз
Саздақ	45,25	10,52	4,14	0,522	1,88	9,06	2	1,62	0,64	8,64	83,4
Саз	11,8	2,2	0,84	0,04	0,34	0,81	0,1579	0,18	-	1,26	16,6
Шихта	57	12,72	4,98	0,562	2,22	9,87	2,16	1,8	0,64	9,9	100

1.6 Бұйымды өндіру тәсілін таңдау, негіздеу, технологияны баяндау

Бұл дипломдық жобада клинкер кірпіш өндірудің иілімді тәсілін қолданамыз. Иілімді қалыптау әдісі келесі артықшылықтарға ие: өнімдерді үлкен ассортиментте, үлкен өлшемдерде, әртүрлі пішіндер мен қуыстылықта шығару мүмкіндігі. Кейбір жағдайларда иілімді қалыптау арқылы алынған өнімдердің иілу беріктігі мен аязға төзімділігі жартылай құрғақ басу әдісімен алынғаннан жоғары болады [6].

Карьерлік жұмыстар.

Алдымен карьерлік жұмыстарды бастамас бұрын қазу алаңын дайындаймыз. Дайындау барысына алаңды қоқыс, керек емес қабаттан және өсімдіктерден тазарту, керек жағдайда жару жұмыстарын жүргізу және машина жүретін жолдарды құрастыру. Карьерде ашу жұмыстары өсімдік қабатын жою мақсатында 0,4-0,8 м тереңдікке ДТ-75 бульдозерінің көмегімен жүргізіледі. Карьерді дайындау барысында көлбеу бұрышына көп көңіл бөлінеді. Бұл параметр көлбеудің көкжиекке қарай көлбеу бұрышы немесе биіктіктің жатқан саз қабаттарына қатынасы. Ең дұрысы, 5 м биіктікте ол 1:0,5 болуы керек, егер топырақ өте ылғалды болса, онда бұл көрсеткіш - 1:1 болуы мүмкін.


Саздақ және бентонит сазын өндіру ашық әдіспен, карьерден, экскаваторлардың көмегімен өндіріледі. Әрі қарай ол тікелей өңдеу зауытына тасымалданады. Шикізатты тасымалдау теміржол немесе жүк көтергіш көлік көмегімен жүргізіледі. Ең бастысы тасымалдау барысында шикізаттың шығынын асырмау үшін жабынмен қамтамасыз ету, кейін шикізат қоймаларына түсіреді.

Шихтаны дайындау.

Алдымен саздақ бір білікті саз қопсытқыш (активатор ГР12) жіберіледі. Бұл агрегат ылғалдылығы 20 пайызға дейін, ірілігі 800 – 700 мм болатын саздақ бөлшектерін 100 мм – ге дейін ұсақтауға арналған. Саз қопсытқыш корпусына түскен саз бөлшектері соққы (билы) көмегімен ұсақталады, решеткадан түсіп, конвейер көмегімен жәшікті қоректендіргіш (КВ1000) жүктеледі. Жәшікті қоректендіргіш өз кезегінде үздіксіз ірі бөлшектерді ұсақтап, шикізатты келесі бөлініске біркелкі қылып мөлшерлейді.

Конвейермен берілген саздақ тас шығаратын біліктерге (СМ-1198А) түседі. Бұл жерде саздақ тас және өзге заттардан тазартылады, кейін қор бункеріне тиелген шикізат мөлшерлегіш (С-864) көмегімен біркелкі мөлшерленіп екі білікті қалақты араластырғышқа (СГ-3) жіберіледі.

Екінші шикізат, яғни бентонит сазы дәл осы схема бойынша өңделеді. Алдымен саз қопсытқышта (КО-01) ірі бөлшектері ұсақталады. Кейін жәшікті қоректендіргіш (СМК – 213) көмегімен реттелген және бір өлшемдегі бөлшектер үздіксіз тас шығарылатын біліктерге (СМ-1198А) беріледі. Тасты бөліктерден тазартылып, бункерге төгіледі кейін мөлшерленіп араластырғышқа түседі.



1 Тізбек – Клинкерлі кірпіштің технологиялық сұлбасы

Екі білікті қалақты араластырғышқа түскен саздақ пен бентонит сазы бір келкі масса күйіне дейін, қажетті ылғалдылықта араластырылып шихта дайындалады. Араластырғыш қалақтары айналмалы және остік жылдамдықтарының оңтайлы арақатынасына қол жеткізілетін бұрыштарда орнатылады. Нәтижесінде араласқан шихта түсіру люктарына өз уақытында жетеді. Араласу барысында тарату жабдықтары көмегімен құбыр арқылы бу таратылады. Жылу шығынын азайту үшін корпустың төменгі бөлігі минералды мақтамен толтырылған қаптамамен жабылған. Массаны коллекторға беру арқылы сумен көбейтуге болады.

Шихта ұнтақтайтын жүгіргіш (СМ-21Б) керамикалық массаны ауыр роликтермен басу, үйкеу арқылы ұнтақтайды. Массаны жылжымалы немесе жылжымайтын ыдысқа беріледі, кейін тік осьтен әртүрлі арақашықтықта орналасқан роликтермен ұнтақталады. Бірінші ролик массаны үйкелеп, қырғыш көмегімен екінші ролик астына жіберледі. Ол жерден масса ығысытырылып түсіру дискісінен шығады. Ұнтақтау барысында су немесе бу сақина тәріздес перфорацияланған құбырлар арқылы беріледі.

Кейін тасымалданған шихта жіңішке майдалайтын біліктерге (ИАПД И20) тиеледі. Бұл агрегаттар ірілігі 30 мм – ден аспайтын бөлшектерді жабдық түріне байланысты 0,8 – 3 мм аралығындағы ұнтақ жасауға арналған. Материал жүктеу аймағынан жүктеліп біліктермен ұсақталады. Әрбір білік гидравликалық муфтамен жабдықталған электр қозғалтқыштар көмегімен іске қосылады. Муфтаның негізгі міндеті жабдықты қашықтықта басқару немесе орталық басқару жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және шихта 2 – 2,5 мм дейін майдаланып, шихта қорына жіберіледі.

Шихта қоймасына массаны жатқызу 7 – 10 күн аралығын қамтиды. Ылғалды күйінде жатқан шихта компоненттерінің механикалық өңдеуден кейін пайда болатын кернеулерді жеңілдету, масса құрамындағы су мөлшері тұрақтындыру үшін қажет. Осы процесс барысында масса құрамындағы су бір келкі тарап, масса біртектілігі жоғарлайды массаның иілімділігі, байланыстарғыш қасиеті артады.

Құрамы мен қасиеттері тұрақтанған, шихта қоймасы бойымен бір келкі себілген шихта көп қалақты экскаватор (Dragas puente) көмегімен бункермен қамтамасыз етілген жәшікті қоректендіргішке (СМ – 664) тасымалданады. Экскаватор жылжымалы платформа мен қамтамасыз етілген және басқару жүйесі сол платформада.

Келесі сатыда жәшікті қоректендіргіштен үздіксіз бір мөлшерде жұқа ұнтақтайтын біліктерге тасымалданады. Жұқа ұнтақтайтын біліктердің жұмыс істеу принципі тас шығаратын біліктерге ұқсас. Майдалауға ленталы конвейермен жұқа ұнтақтайтын біліктерге (СМК-102) тасымалданады. Бұл машинада ұнтақ ірілігі 0,8 – 1 мм дейін ұсақталады.

Қалыптау.

Иілімді қалыптау жағдайда механикалық күштің шамасы 1-30 МПа-дан аспайды. Шикі үлгі берілген формасын аққыштық шегі болуына байланысты сақтайды. Кірпішті иілімді тәсілмен өндіру кезінде вакуумды пресс қолданылады.

Шихта фильтр торы бар араластырғышпен қамтамасыз етілген вакуум-пресске (СМ – 443А) жеткізілген масса керамикалық масса біліктердің қалақтарымен араластырылады, спиральды бұрандалары қосымша әсер етеді, бұл оны сүзгі басына апарады және торлардың тесіктері арқылы ығыстырып шығарады. Торлардан кейін айналмалы пышақтар орнатылады, олар саз массасын кесіп тастайды және осылайша сүзгі басынан өткеннен кейін саздың жиналуына жол бермейді. Кейін ылғалдылығы 22 пайыз масса вакуумдау және пресстеу процесі жүреді. Пресстеу 2 МПа қысымда орындалады, ауаны шығарады және ылғалдылығы 2-3 пайыз жоғалы, брус дайындалады. Бұл бұйымды кептіру барысында жарықтарды және деформацияның азаюына ықпал етеді. Шыққан сазды брус көп және бір шекті кескіштен автомат – кескіш (КРОК 46-14) комплексіне жіберіледі. Алдымен бір шегі бар кескіш өлшемдері 250x120x65 мм-ден 17 дана немесе 250x120x88 мм-ден 10 дана кірпіштен шығатындай ұзындықта кесіліп көп шекті автомат-кескішке жіберіледі. Кесу барысында артық қалған керамикалық масса лентамен тасымалданып қайта өңдеуге жіберіледі. Шыққан бұйымдар кептіру вагоншаларына автомат – отырғызғыш (СМ-1062А) көмегімен тиіеледі.

Кептіру.

Шикі кірпіш кептірілуге тунельді кептіргішке жіберіледі. Кептіру үшін тунельді пештің ыстық ауасы, рециркулят және пештің түтін газдарын қолданады. Қолданылған жылутасығыш тазаланғаннан кейін атмосфераға таратылады. Шикі кірпіштің кептіру процесі отынның минималды шығынында максималды біркелкі және ақаусыз өту үшін, әр бұйым бетінен ылғалдың қарқынды бөлінуін қамтамасыз ету керек. Вагонеткаға отырғызылған шикі кірпіштің төменгі жағын сиретілген етіп орындайды. Бұл кептіру кезіндегі пештің жоғарғы жағы мен төмен жағындағы температуралық арақатынасты азайту үшін жасалатын шара. Кептіру температурасы шикі кірпіштің қасиеттеріне байланысты, 80 – 101 градус Цельсияға дейін көтеріледі. Кептіргішке пештен құбыр арқылы жіберілетін газ температурасы 130 – 145 градус Цельсия аралығында, ал кептіргіштен шығатын өңделген газ температурасы 25-35 градус Цельсия. Кептіру келесі кезеңдерге жіктеледі: жылыту кезеңі, тұрақты кептіру жылдамдығы кезеңі және кептіру жылдамдығының төмендеу кезеңі. Жылыту кезеңінде ысып тұрған агрегатқа жүктелген соң сол температурамен теңдесуге ұмтылады. Бұл период өте аз уақытты алады және материалдағы механикалық байланысқан су (беттік және капиллярлық) буланады, яғни кірпіштің беттік және бетіне жақын қалыңдықта су буланып жоғалады. Екінші кезең тұрақты кептіру жылдамдығы, яғни бір қалыпты температурада өңдеу жүреді. Онда ішкі қабаттардан келіп жатқан ылғал бұйым бетінен буланып шығып кетеді. Бұл кезеңде материалмен тығыз

байланысы жоқ, яғни физика-механикалық ылғал жойылады. Ылғалдылықтың төмендеуімен жартылай фабрикаттың терең қабаттарынан ылғалдың түсуі қиындайды, кептіру жылдамдығы күрт төмендеп, бұйымдардың температурасы жылу тасымалдағыштың температурасына жақындайды. Көрсетілген кезең ең жауапты және қауіпті болып табылады, өйткені оның барысында материалдың шөгуі пайда болады, ол өз кезегінде шөгу кернеулерін туғызады.

Келесі кептіру жылдамдығының төмендеу кезеңі басталады. Кептіру жылдамдығының төмендеу кезеңі мыналармен сипатталады өнімнің ылғалдылығын азайту арқылы кептіру біртіндеп баяулайды. Булану қарқындылығының төмендеуі ағынның азаюына әкеледі ылғалдың булануына жылу, бұл басқа тұрақты жағдайларда бұл өнімнің орташа температурасының жоғарылауына және төмендеуіне әкеледі. Бұйым кептіргіштен шығу барысындағы ылғалдылығы 2-4 пайыз.

Кептіріліп шығарылған бұйымдар автомат – отырғызғыш (СМ-1062А) көмегімен кептіру вагоншасынан түсіріліп пеш вагоншаларына жүктеледі. Пеш вагоншаларына отырғызудың тәсілдері болады. Тунельпі пештерінде өнімдерді күйдіру қарқындылығы мен сапасы көбінесе пеш вагонеткаларына шикі кірпіштің отырғызу тәртібіне байланысты. Отырызылған кірпіш тәртібі берік және тұрақты болуы керек, пештегі үйінділердің пайда болу мүмкіндігін болдырмайды, жеткілікті тығыз және сонымен бірге газдардың пештің ұзындығы мен ені бойынша біркелкі таралуына мүмкіндік береді.

Кірпіштерді отырғызу тығыздығы пеш каналының 1 м³ үшін 200 шт 280 дана аралығында өзгереді, ортасы мен оның перифериясы арасындағы температуралық айырмашылықты азайту үшін, сондай-ақ ауаның жеткілікті мөлшерін жеткізу үшін шикі кірпішке жоғары қысымда тығыздалған отынның толық жануы үшін қажетті көлденең және бойлық арналар қалдырылады, ал жоғарғы жағы жабылады.

Бұйымды күйдіру.

Күйдіру – материалдарды жоғарғы температурада өңдеу процесі. Күйдіру керамикалық бұйымдарды өндірудің соңғы процесі. Бұйымды күйдіру кезінде ғана материалдың құрылымы түпкілікті қалыптасады. Клинкерлі кірпішті күйдіру процесі әдетте 1100 – 1300 градус Цельсияда жүзеге асырылады. Әдетте орташа және көп мөлшердегі бұйымдарды өндіру, зауыттың 3 ауысымды жұмыс режимінде, яғни үздіксіз өндіріс барысында тунельді пешті қолданылған жөн. Себебі тунельді пештер ұзындығы жағынан 70 м-ден басталып, өнімнің жылдық шығу нәтижесіне байланысты есептеледі, бұндай агрегатты мерзімді қолдану үлкен жылу және жанармай шығындарына алып келеді. Тунельді пеш үш аймаққа бөлінеді: қыздыру, күйдіру және салқындату. Аймақтарға бөліну тунельді пештің басқа пештерге қарағанда жанарамай беру процессін механизациялануына және күйдіру процессін автоматтандыруына мүмкіндік береді.

Бұйымдарды күйдіру ұзақтығы күйдірілетін бұйымдардың материалына және оның физикалық қасиеттеріне (жылу өткізгіштігіне, тығыздығына, механикалық беріктігіне), күйдіру температурасына, температураның өзгеру

жылдамдығына, күйдірілетін бұйымдардың түріне (өлшеміне, формасына, күрделілігіне), пештің типі мен жағдайына, отынды жағу жағдайына, пештің жұмыс арнасында жылу берілуіне және газдардың қозғалысына байланысты болады. Біздің кірпіштің жарық пайда болуына төзімділігі тікелей шикізаттардағы монтмориллонит минералдарының, глинозем және 1 мкм өлшемді бөлшектерінің 35 – 40 пайыз аралығында және иілімділік қасиеті 20 пайыздан артқан жағдайда артады.

Күйдірудің негізгі кезеңдерін атап өтітін болсақ алдымен қыздыру аймағы сағатына 80 градус жылдамдықта 200 градус Цельсиясына дейін көтереді кейін 200 – 950 градус аралығына дейін сағатына 150 градус жылдамдығында көтеріледі, 950 – 1150 градус Цельсия температура аралығында сағатына 25 градус целсия жылдамдығында көтеріліп, соңғы температурада 1150 градус Цельсияда ұстап тұрып салқындату процессі басталады. Қыздыру кезінде айтарлықтай қалыңдықтағы өнімде айтарлықтай температуралық айырмашылықтар пайда болады, ал өнімнің жеке қабаттары бірдей әртүрлі температураның әсерінде болады. Нәтижесінде 1.6.1 кестусінде көрсетілген процестер күйдірілген өнімде бірінен соң бірі емес, бір мезгілде, уақыт бойынша қабаттасу болады.

1.6.1 Кесте – Күйдіру кезінде жүретін процесстер схемасы

Температура интервалы, °С	Температура интервалында жүретін реакциялар мен процесстер
150 дейін	Физикалық байланысқан адсорбцияланған және монтмориллонит минералдарының жазықтықаралық ылғалды кетіру
131 – 224	Гидрогематит ыдырауы циолинит типты су бөлінуімен
140 – 180	Температураның жылдам көтерілуінен қалған ылғалдың интенсивті қайнауы. Жарықтар пайда болу қатерімен ілеспе жүретін кірпіш шикісінің беріктігінің төмендеуі
200 – 400	Гумусовты қосылыстардың жануы
400 – 550	Жанғыш заттарды бөлетін органикалық қосылыстар мен қоспалардың пирогенетикалық ыдырауы
450 – 550	Монтмориллонит минералындағы конституциондық судың, яғни жеке ион ретінде байланысқан судың жоғалуы
500 – 700	Эвтектикалық силикат балқымаларының пайда болуының басталуы, сыртқы қабатының қатаюымен жүреді
570 – 750	Көмір қасқыл газының шығуымен ілеспе жүретін магневитті карбонаттардың ыдырауы
573	Көлемі 0,82 пайыз ұлғайып, β кварцтан α кварц күйіне ауысу
600 – 1100	Өк пен каолионит арасындағы реакция $\text{CaO} \cdot \text{Al}_2\text{O}_3$ және $2\text{CaO} \cdot \text{SiO}_2$ пайда болуы
700 – 800	Қатты фазадағы SiO_2 , Al_2O_3 және CaCO_3 арасындағы әрекеті
700 – 900	Органикалық қосылыстар мен қоспалардың кокс қалдықтарының жануы
800 – 860	Монтмориллониттің кристалды торының бұзылуы
800 – 1000	Кальций түрді карбонаттардың интенсивті ыдырауы, көмірқышқыл газ бөлінуімен

1.6.1 Кестенің жалғасы

Температура интервалы, °С	Температура интервалында жүретін реакциялар мен процесстер
800 – 900	Гематит кристалдануы Fe_2O_3
800 – 1050	Эвтектикалық силикат балқымаларының сұйық фазаларының жиналу нәтижесінде кірпіштің сыртқы қабатының нығыздалуы және шөгуі
950 – 1000	Шпинельдің кристалдануы $\text{MgO} \cdot \text{Al}_2\text{O}_3$
950 – 1050	Муллиттің интенсивті қалыптасу басы
950 – 1150	Дала шпатының шаңды бөлшектерінің балқуы
1000	Көлемі 15,4 пайыз ұлғайып, α кварцтың α кристоболитке айналуы
1150 – 850	Суыту. Кірпіштің сыртқы қабатының пиропластикалық күйі сақтала отырып, тұтқырлығының артуы
850 – 750	Пиропластикалық күйден қатты күйге өту. Структуралық өзгеру. Жарық пайда болу қауіпімен қатарласып келетін кернеудің ең жоғары дәрежесінің пайда болуы
675	$\beta\text{-2CaO} \cdot \text{SiO}_2$ айналып көлемінің 10 пайыз ұлғаюы
573	Көлемі 0,82 пайыз ұлғайып, α кварцтан β кварц күйіне ауысу
270 – 180	Көлемі 2,8 пайыз азайып, α кристоболиттің β кристоболит күйіне ауысу

500 – 600 градус Цельсиядағы күйдіру аралығы қауіпті болып есептеледі, бұл кварцтың полиморфты ауысуымен байланысты. Тез суыту барысында бұйымның структурасы күрт өзгеріп, қобсыту процесі жүреді, осы процесс кесірінен бұйымның су сіңіргіштігі артып, беріктік көрсеткіштіктерін төмендетеді. Осыған байланысты суыту кезеңін үшке бөлеміз:

1) соңғы температурадан 1150 градус Цельсиядан бастап мәжбүрлі салқындату 850 градус Цельсияшамасына дейін.

2) 850 – 500 градус Цельсияаралығында баяу салқындату, есептеу бойынша жылдамдығы 61 градус Цельсиясағатына.

3) 500 – 50 градус Цельсиядан бұйымның шығу температурасына дейін мәжбүрлі салқындату, есептеу бойынша жылдамдығы 139 градус Цельсиясағатына.

Жанармай жану өнімдерін қайта қолдау.

Жанармай жану өнімдері күйдіру аймағынан дайындау аймағына жіберіледі, ол жерден вентеляция көмегімен тунельді кептіргіштерге жіберіледі немесе атмосфераға шығарылады.

Кірпішті қоймаға жіберу.

Суытылған бұйымдар пеш вагоншаларынан автомат – түсіргіш (СМК-127) көмегімен түсіріледі. МЕМСТ 530-2012 «Керамикалық кірпіштер мен тастар» бойынша әр кірпіш партиясынан 25 дана алып оның сапасын тексереді. Кірпіштің өлшемдерін, түрін, түсін, күй дәрежесін, сыртқы ақауларға жеке лабораториялық шарттарда тексеріс жүргізеді. Арнайы арбаларға салып автомат пакеттеуші (СМК-432) көмегімен орайды. Дайын партияны дайын өнім қоймасына жеткізеді.

1.7 Материалдық балансты есептеу

Ілімді тәсілмен өндірілетін керамикалық бұйымдарының материалдық балансын есептеу [5].

Бастапқы деректер

1 Масса бойынша шихтаның пайыздық құрамы: саздақ – 85, саз – 15.

2 Шикізат ылғалдылығы (пайыз): саздақ – 10, саз – 15.

Кірпіш салмағын есептеу:

Кірпіш көлемін табамыз, м³:

$$V_1 = a \cdot b \cdot h = 0,25 \cdot 0,12 \cdot 0,065 = 0,00195$$

$$V_2 = 0,25 \cdot 0,12 \cdot 0,088 = 0,00264$$

Кірпіш массасын табамыз, кг:

$$m_1 = \rho \cdot V_1 = 2010 \cdot 0,00195 = 3,92$$

$$m_2 = \rho \cdot V_2 = 2010 \cdot 0,00264 = 5,3$$

Кірпіштің бос қуыстарын ескере отырып массасын табамыз, кг:

$$3,92 - 100\%$$

$$5,3 - 100\%$$

$$x - 40\% \quad x = 1,57$$

$$x - 48\% \quad x = 2,54$$

$$3,92 - 1,57 = 2,35$$

$$5,3 - 2,54 = 2,76$$

3 Күйдіруден кейінгі беттік кірпіштің салмағы – 2,35 кг және 2,76 кг.

4 Шикізаттың орташа өлшенген ылғалдылығы (пайыз):

$$W_{\text{о. ы.}} = x \cdot \frac{a}{100} + y \cdot \frac{b}{100} \quad (1.7.1)$$

$$W_{\text{о. ы.}} = 10 \cdot 0,85 + 15 \cdot 0,15 = 8,5 + 2,25 = 10,75 \%$$

5 Күйдіру кезіндегі жоғалу к.к.ж (пайыз):

$$\text{к. к. ж.} = \left(x \cdot \frac{a}{100} \right) + \left(y \cdot \frac{b}{100} \right) \quad (1.7.2)$$

$$\text{к. к. ж.} = 10,02 \cdot 0,85 + 6,75 \cdot 0,15 = 8,52 + 1,013 = 9,5 \%$$

Зауыттың қуаты – 20 млн. дана керамикалық кірпіш немесе $10000000 \cdot 0,00195 + 10000000 \cdot 0,00276 = 23500 + 27600 = 51100$ т / жыл.

6 Өндірістің технологиялық параметрлері:

- бұйымдарды калыптау ылғалдылығы – 20 пайыз;
- бұйымдардың кептіруден кейінгі ылғалдылығы ($W_{к.ы}$) – 1 – 3 пайыз.

7 Өндірістің ақаулары және жоғалулары:

- күйдіру кезіндегі ақаулар – 3 – 5 пайыз;
- кептіру кезіндегі ақаулар – 2 – 3 пайыз;
- мөлшерлеу және тасымалдау кезіндегі – 1-1,5 пайыз;
- шикі затты өндеу кезінде – 2 – 4 пайыз.

1 Ақауларды ескергенде пештен дайын бұйым күйдірілген массасы бойынша шығады:

$$Q_1 = \frac{П \cdot 100}{100 - K_1}, \text{ т/жыл} \quad (1.7.3)$$

$$Q_1 = \frac{51100 \cdot 100}{100 - 5} = 53789,5 \text{ т/жыл}$$

мұндағы П – цех қуаттылығы, т/жыл;

K_1 – күйдіру кезіндегі ақаулар.

Күйдіру кезіндегі ақаулар мөлшері:

$$A_k = Q_1 - П, \text{ т/жыл} \quad (1.7.4)$$

$$A_k = 53789,5 - 51100 = 2689,5 \text{ т/жыл}$$

2 Күйдіру кезіндегі жоғалуларды ескергенде абсолюттық құрғақ масса бойынша пешке бұйым түседі:

$$Q_2 = \frac{Q_1 \cdot 100}{100 - \text{к.к.ж.}}, \text{ т/жыл} \quad (1.7.5)$$

$$Q_2 = \frac{53789,5 \cdot 100}{100 - 9,5} = 59435,9 \text{ т/жыл}$$

мұндағы к.к.ж – күйдіру кезіндегі жоғалулар.

Күйдіру кезіндегі жоғалулар мөлшері:

$$Ж_k = Q_2 - Q_1, \text{ т/жыл} \quad (1.7.6)$$

$$Ж_k = 59435,9 - 53789,5 = 5646,4 \text{ т/жыл}$$

3 Қалған ылғалдылықты ескергенде нақты масса бойынша пешке бұйым түседі:

$$Q_3 = \frac{Q_2 \cdot 100}{100 - W_{\text{к.ы}}}, \text{ т/жыл} \quad (1.7.7)$$

$$Q_3 = \frac{59435,9 \cdot 100}{100 - 3} = 61274,1 \text{ т/жыл}$$

Пеште ылғалдылықтың булану мөлшері:

$$B_{\text{п}} = Q_3 - Q_2, \text{ т/жыл} \quad (1.7.8)$$

$$B_{\text{п}} = 61274,1 - 59435,9 = 1838,22 \text{ т/жыл}$$

4 Кептіру кезінде ақауларды ескергенде абсолюттық құрғақ масса бойынша кептіргіштен бұйымның шығуы:

$$Q_4 = \frac{Q_2 \cdot 100}{100 - K_2}, \text{ т/жыл} \quad (1.7.9)$$

